

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.2 - С.128-132

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Азубаева Ж.Ж.,
Жумабекова М.Е.*

Шағын және орта бизнестің дамуы қазіргі жаһандану уақытында нарықтық экономиканың басты бағыты болып табылады. Экономикасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесін ескеретін болсақ, шағын орта бизнес ұлттық өндірістің дамуында ерекше маңызға ие. Сондықтан, шағын орта бизнес Қазақстан экономикасының тұрақтану факторы ғана емес, сондай-ақ оның өсімінің факторы бола алатынын растайды [1]. Шағын орта кәсіпкерлік бәсекелестікті тиісті деңгейде ұстауға, өндірістің икемді қайта құрылуына, инновациялық үрдістердің жылдамдауына, нарықтық қатынастардың әлеуметтік бағдарының қалыптасуына және жұмыспен қамтудың өсіміне ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстандағы шағын орта бизнестің экономикалық проблемаларына ғылыми талдау жасай отырып, оны дамытудың нақты тетіктерін ұсыну маңызды деп есептейміз. Себебі, шағын және орта бизнесті дамытпайынша, бәсекеге қабілетті ел болу мүмкін емес. Өйткені, бұл – жаһандану жағдайында заманауи қатынастарды алға жетелеуші буын. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің әрекеттері монополияландырылған ортаның қарсылығына тап болуда. Ал монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдардың бірі- шағын және орта бизнесті дамыту.

Басқа бизнес түрлеріне қарағанда шағын бизнестің өзіндік артықшылықтары да бар. Оларға:

- Сыртқы экономикалық факторлардың өзгеруіне тез бейімділігі;
- Шағын инновациялық бизнестің экономиканың барлық сферасын қамтуымен сипатталуы;
- Шағын бизнес ірі компанияларға қарағанда ғылыми – техникалық зерттеулер нәтижелерін инновацияларды өнеркәсіпке жылдамырақ енгізеді;
- Халықты жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздық мәселесін шешу;
- Мемлекеттегі халықтың тұрмыс деңгейін жоғары болуын қамтамасыз ету;
- Адамның өмірге нық сеніммен қарауының мүмкіндіктерін арттыру т.б.

Кәсіпорындарды шағын, орта және шағын кәсіпорындар деп жіктеудің параметрлері бар. Сонымен қатар, кәсіпорынның қандай заңды формасына жататындығы маңызды емес, оның белгілі бір өлшемдерге сәйкес келуі маңызды.

Пікірталас тудыратын сұрақ - бұл кәсіпорынды шағын және орта деп жіктеу өлшемі. Дамыған елдерде қай кәсіпорындардың шағын екендігі туралы жалпы анықтама жоқ.

Ең көп таралған критерий - бұл көбінесе сала бойынша сараланатын жұмысшылар саны. Алайда, көбінесе кәсіпорынның айналымына (Германия), таза активтерді бағалауға (Жапония) немесе кәсіпорын иелерінің қаржылық тәуелсіздігіне қосымша шектеулер қойылады.

Қазіргі уақытта нарықтық қатынастар жүйесінде кәсіпорындар келесідей айрықша ерекшеліктерімен сипатталады, мөлшері, жұмыс істеушілер саны, қай салаға жататындығы, негізгі және айналым қорларының құны, шығарылатын өнім көлемі.

Шағын және орта кәсіпорындарды әр түрлі критерийлері бойынша бөлу үшін Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік Кодексінің негізге аламыз [2].

Жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады: шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді жіктеу келесі мақсаттарда қолданылады: - мемлекеттік статистика; - мемлекеттік қолдау көрсету; - Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану.

Мемлекеттік статистика мақсатында қызметкерлердің орташа жылдық санының өлшемі ғана қолданылады.

Мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа нормаларын қолдану мақсатында екі критерий қолданылады: қызметкерлердің орташа жылдық саны және орташа жылдық табыс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік Кодексі бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары келесідей жіктеледі (кесте 1).

Кесте 1 - Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары

Көрсеткіштер	Шағын		Орта	Ірі
	Шағын кәсіпкерлік субъектілер	Микро кәсіпкерлік субъектілер		
Жұмыскерлер саны	100 адамға дейін	15 адамға дейін	100-250	250 адамнан жоғары
Жылдық орташа табысы	300 мың	30 мың	300 мың-3 млн	3 миллион

Шағын кәсіпкерлік тұлғаларына мыналар жатқызылады:

- заңды тұлғаны құрмаған жеке адамдар, немесе жеке кәсіпкерлер;
- заңды тұлғалар (төменде көрсетілгендей) толық серіктестік, командиттік серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілікті серіктестік, өндірістік кооператив.

Қазақстанда шағын бизнеске бірнеше инвесторлармен құрылатын, географиялық шектелген зоналарда қызмет ететін және нарықтың шектеулі үлесіне ие, басқаруды құрушылар жүзеге асыратын, барлық негізгі стратегиялық шешімдерді өздері қабылдайтын кәсіпорындар жатады. Басқару сипаты икемділігімен, шешімін қабылдау барысында, өндіріс саласында, басқару саласында жұмысшылардың өзара алмасуының жоғарылығымен ерекшеленеді.


Кәсіпкерлік субъектілері жұмысшыларының орташа жылдық саны барлық қызметкерлерді, оның ішінде филиалдардың, өкілдіктердің және басқа жеке

бөлімшелерінің қызметкерлерін, сондай-ақ жеке кәсіпкерді ескере отырып анықталады.

Орташа жылдық табыс - бұл Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент немесе жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы жылдық табысының немесе табысының үшке бөлінген сомасы.

Шағын және орта бизнестің осындай маңыздылығын ескеретін болсақ, олардың еліміздегі қазіргі даму жағдайын келесі мәліметтермен қарастыруға болады (сурет -1).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылғы мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасында жалпы шағын кәсіпкерліктердің саны – 230,7 мың бірлікті құрап отыр, сонымен қатар: орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 2703, дара кәсіпкерлер – 807 825, шаруа немесе фермер қожалықтары – 192 252 тұлғаны құрайды.



Сурет 1 - Қазақстандағы шағын және орта бизнестегі белсенді субъектілер саны, мың бірлік

2005-2018 жылдар аралығында ЖӨӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 28,4 құрайды [3].

Жаңа жұмыс орындарын құру мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету басымдығы тұрғысынан шетелдерде шағын бизнестің дамуына үлкен мән беріледі. БҰҰ-ның даму бағдарламасында шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санынан 95 %-ға артық. Әлемдік экономикада мұндай кәсіпорындардың үлесіне жұмыспен қамтылғандардың 60 % астамы келеді, ал олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50 %-ға жетеді.

Ал енді дамыған елдердің тәжірибесі негізінде шағын бизнес экономикасының даму қарқынын арттыра түсетінін көрсетеді. АҚШ-та барлық жұмыс күшінің 50%-ін кәсіпкерлікпен шұғылданушылар құрайды. Жапония мен Кореяда барлық компаниялардың 99,5 %-ын құрайтын 3 млн. шағын және орта бизнес субъектілері бар. Соның ішінде шағын компаниялардың үлесі 97 % құрайды. Оңтүстік Кореяда шағын компаниялар жұмысқа орналастырудың маңызды көзі болып табылады, өйткені онда елдің экономикалық белсенді

халқының 87 %-ы жұмыспен қамтылған (10 млн. астам). Шағын және орта бизнестің үлесіне елдің ЖІӨ-нің жартысы және оңтүстік корейлік экспорттың 43 % тиесілі.

Бірақ шағын және орта бизнестің ролін таңдай отырып, оның дамуына кедергі болатын себептерді айтпауға болмайды:

1. Қазақстан Республикасындағы күрделі экономикалық жағдай (инфляция, өндірістің құлдырауы, шаруашылық байланыстардың үзілуі, төлемеушілік, несиені пайдаланудағы жоғары пайыз, кәсіпкерлердің құқықтық қорғалуы);

2. бизнестің төменгі деңгейі, кәсіпкерлердің өз өздерін теңгеруі;

3. халықтың кәсіпкерлерге толық сенімнің болмауы;

4. шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың әлсіздігі, тіпті, керісінше мемлекеттік органдардың жиі араласуы;

5. қазіргі заманға сай ақпараттардың жеткізілуі, құрал – жабдық, технологияның болмауы, күрделі есеп беру жүйесінің және арендалық төлем құнының жоғары болуы;

6. Микронесиелік және микроқаржы ұйымдарының проблемалары.

Микронесие беру жүйесінің дамуына тұжырымдамалық қағидаттарды, әлеуетті инвесторлар үшін микронесиелік ұйымдардың одан әрі тартымдылығын арттыру үшін аталған саланы мемлекет тарапынан кешенді қолдаудың болмауы [4].

Шағын және орта бизнес өкілдеріне микронесие беру саласын дамыту проблемалары бойынша келесілерді атап өтуге болады:

– Одан әрі орналастыру үшін қорлардың тапшылығы мен қымбаттылығы;

– Микронесиелі құйымдарының қаражатының жеткіліксіздігі;

– Микронесиелік ерекшелікпен таныс, білікті кадрлардың жетіспеушілігі;

– Микронесиелік жүйеге қатысушылар үшін әдістемелер мен оқыту бағдарламаларының болмауы;

– Техникалық және ресурстық базаның болмауы;

– Микроқаржы саласының жағдайын, үрдістері мен оның даму перспективаларын, олардың дамушы құрылымына жетекшілік ететін бірыңғай органның және оларды бағалау әдісінің болмауы;

– Дамыған мониторинг жүйесінің, ішкі бақылаудың болмауы;

– Қаржы ресурстарын тартуға қиындықтар туғызатын отандық банктер мен басқа да банктік емес ұйымдардың микронесиелеу ұйымдары мен әлсіз өзара іс-әрекеті;

– Микро несиелік ұйымдардың мемлекеттік басқару органдары мен және мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастығының пысықталмаған кестесі.

Аталған проблемаларды ескеретін болсақ, оларды тиімді шешу үшін белгілі шаралар қолдану қажет екендігі белгілі. Сондықтан, шағын және орта бизнесті қолдау шаралары ретінде келесілерді атап өткен жөн:

– жаңа технологияларға (технологиялар мен экономикалық ақпараттар ұсыну, кеңес беру және оқыту) қол жетімділікті жеңілдетуге;

– нарық капиталына (салық жеңілдіктері, амортизацияның ерекше нормалары, мемлекеттік субсидиялар, нарықтық және жеңілдікті несиелік ставкалар арасындағы айырмашылықты қаржыландыру түріндегі жеңілдікпен несиелеу) қол жетімділікті жеңілдету;

– бизнестің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесетін кластерлік-желілік ұстанымды енгізу арқылы шағын компаниялар мәселесі бойынша туындайтын проблемаларды шешуге бағытталған.

Осы әдістерден басқа шет ел тәжірибесінде коданылып жүрген әдістерді қолдануға да болады. Одан бізге ешқандай зияны болмайды.

Мысалға, германдық кластерлік-желілік ұстанымды қолдаудың негізгі қағидаттарына:

1. мемлекеттік қолдаудан тыс шағын және орта бизнестің дербестігіне басымдыққа;

2. тиімсіз кәсіпорындар рыноктан кетуі керек;

3. шағын және орта бизнеске мемлекеттің қаржылай көмек беруі үшін негізгі талап - несиелеу қабілеттілікке тірек болады.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың басты мәселелерінің бірі – шағын және орта бизнес инфрақұрылымы. Сондықтан да алға қойған мақсатымыздың ең басты мәселесі инфрақұрылым институттарын дамыту мен оны жоғары деңгейге жетілдіру – шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытуда аса зор маңызға ие.

Мемлекет, өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасауы және өз көмегін шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігі тұрғысынан едәуір әлеуеті бар кәсіпорындарға және елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға бағыттауы тиіс. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта бизнесті дамытудың жедел шараларын қабылдауда.

Әдебиеттер тізімі

1. Бердалиев К.Б. «Қазақстан экономикасын басқару негіздері», Алматы «Экономика», 2009.

2. Предпринимательскому Кодексу Республики Казахстан от 29 октября от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК. [adilet.zan.kz>rus> docs](http://adilet.zan.kz/rus/docs)

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері www.stat.gov.kz

4. Zhenskhan D., Raimbekov Z., Syzdykbayeva B., Bayneeva P., Amirbekuly Y. Study of the state of logistics in Kazakhstan: prospects for development and deployment of transport and logistics centres.- Transport Problems. International scientific journal. - Volume 11 Issue 4.-